

Дәріс 1. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету комплексті тәсілі. Ақпараттық қауіпсіздік негізгі ұғымдары. Ақпарат қауіпсіздігінің қауіп-қатерлер каналдары

Ақпараттық қауіпсіздік - бұл субъектілердің ақпаратты қорғау жағдайы.

Ақпаратқа қол жеткізу мүмкіншілігі. Қол жеткізуді басқару саясаты қол жеткізудің басқару ережесі және әрбір пайдаланушының немесе пайдаланушылар тобының құқықтары нақты анықталуы тиіс. Қол жеткізуді логикалық және физикалық басқару құралы бірге қаралуы тиіс.

Ақпарат қауіпсіздігі – компьютерлік жүйені (КЖ) қорғау және субъектілердің пайдалануына қажет емес көзқарастар компоненті.

КЖ қауіпсіздік деңгейі – жүйенің шынайы қорғалған деңгейі және пайдалану барысында қауіп төнетін жағдайларды болжау компонентері.

- **Қауіпсіздік шарасы** – жағдайдың немесе процестің мүмкін болу іс-әрекеті, КЖ басқа компоненттеріне не ақпаратқа субъект қызығушылығының тікелей не жанама әсері болуы мүмкін.
- **Ақпаратқа қолжетімділік**– ақпаратпен танысу, ақпарат модификациясын көшіру, өңдеу және ақпаратты жою.
- **Қолжетімділікті шектеу ережесі** – ережелер жиынтығы, субъектінің объектіге қолжетімділік құқығының регламенті.
- **Ақпаратқа санкциялық қолжетімділік** – бұл ақпаратқа қолжетімділік, қолжетімділікті шектеу ережесін бұзбау.
- **Ақпаратқа санкциялық емес қолжетімділік** – ақпаратқа қолжетімділік, қолжетімділікті шектеу ережесін ЕТ штатты құралдарын пайдалануда бұзбау.
- **Ақпаратқа санкциялық емес қолжетімділіктен қорғау** – ақпараттағы болатын қиындықтарды алдын-ала қарастыру.

Қауіп төну каналы – КЖ қауіп физикалық ортадан келуі, ол санкциялық емес іс-әрекеттерден пайда болу қауіпі.

Қауіп төну тәсілі (алгоритм) – белгілі бір әдістерді пайдалана отырып КЖ құралдар каналдары арқылы субъектінің мақсатқа жетуінің алдын алу шаралары.

КЖ қауіп төну келесі жағдайлар бойынша бөлінуі мүмкін. АЖ қауіптері қайнарлары **ішкі** және **сыртқы** болады. Физикалық табиғат позицияларынан және "ақылдылықтың" дәрежесі бойынша боады:

- ❖ адамның әрекеттерімен байланысты қауіптер (жасанды қауіптер);
- ❖ техникалық құралдар процестері қауіптері (техногендік қауіптер);
- ❖ табиғи құбылыстармен (апаттармен) байланысты қауіптер.

Болуы мүмкін ақпараттық қауіпсіздіктегі оқиғалар мен қақтығыстар:

- қызметтерді, құралдарды немесе жұмыс істеуін жоғалту;
- жүйенің дұрыс емес жұмыс жасауы немесе артық жүктелуі;
- адамдық қателер;
- ережелерді немесе нұсқаманы сақтамау;
- физикалық қауіпсіздікті сақтамау;
- бақылау жүргізілмейтін жүйенің өзгеруі;
- бағдарламалық қамтамасыз етудің немесе аппараттық құралдардың істен шығуы;
- қол жеткізудің бұзылуы;
- ақпараттық жүйенің істен шығуы және қызметтерді берудің тоқтатылуы;
- арам ниетті бағдарламалық код;
- қызметтерді беруде бас тарту;
- өндірістік дерктердің толық еместігіне немесе дәлдік еместігіне байланысты болатын қателер;
- құпиялығының және тұтастығының бұзылуы;
- ақпараттық жүйелерді дұрыс емес пайдаланылуы.